XIX ғасырдың ортасындағы қазақ өлкесінде медресе мен ауыл мектептерінде білім алған, оқытудың әдіс тәсілдері қолдануы туралы хабардар болған Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин және Шоқан Уәлихановтың сынға алғаны белгілі. Мәселен, Шоқан «қазақ даласындағы мұсылмандық туралы» атты еңбегінде «халқымыздың білім алуы үшін сауатсыз молдалар оқыған медреселер мен патша үкіметі ашқан билеушілер мен аудармашыларға арналған оқу орындары қажет емес» деп жазған (Қайырханов, 2010: 53). Дегенмен, сауаты төмен молдалар қазақ өлкесінде кеңінен таралуы осы кезеңге тән еді. Алайда, заман талабына сәйкес мұсылманша білім беру жүйесі де түрленіп, оқу-әдістемесі жаңаша форматта дамыды. Бұған дәлел жәдиттік мектептердің ұйымдастырылуы мен діни оқуды халыққа терең білім беру ісімен ұластыра отырып, жаңа оқу жүйесінің жасалуы.

Шоқан Уәлиханов қазақ өлкесінде қазақ мұғалімдерінің көбеюі, қазақша оқытуды қолға алып, жаңашыл еуропалық білім берудің үздік, заман талабына сай екендігін алға тартқан. Аталған кезеңде мұсылмандық білім беру тілі ноғай, татар, араб тілдері болса, патша үкіметінің мектептерінде орыс тілі үстемдік етті. Сан жағынан алғанда қазақ мұғалімдері мен оқытушылардың аз болды. Яғни, Ресей империясы отарлау саясатын жүргізу мақсатында қазақ өлкесінде мектептер ашып, мақсаты — жергілікті халықты білімге жетелеп, мәдениет мен өркениет прогресін алып келу емес, керісінше, отарлық саясатқа қызмет ететін тілмаш пен атқамінер шенеуніктерді қазақ жұрты арасынан тәрбиелеу еді. Сондықтан да, ашылған орыс-қазақ мектептерінде шала

сауатты, оқу-әдістемесі әлсіз молдалар, татар, башқұрт оқытушылары қызмет етті. Абайдың Ахмет Риза медресесінде татар молдасынан сауат ашып, мұсылманша оқу бітіргені бәрімізге аян. Бұған қоса, Құнанбай Абайдың Семей қаласындағы орыс — түзем («приходская школада») мектебіне орыс тілінде білімін жалғастыруын жөн санаған. Қазақ жеріндегі мектептер мен медреселерде патша үкіметіне қызмет ететін мұғалімдер, татар, башқұрт молдалары қазақ балаларын оқытқан. Осындай ахуалды көзімен көрген ағартушы, қазақ өлкесінде қазақ балаларына өз ана тілінде білім беретін мектептерді ашуды қолға алған Ыбырай Алтынсарин қалыптасқан жағдайға ықпал ету мақсатында қазақ балаларын оқытуды ұйымдастырып, қазақ тілінде оқу-құралдарын әзірлеп, мектеп ашуды жолға қойған. Алтынсарин 1864 жылы Н.И. Ильминскиге жазған хатында «Самоучитель» деген орыс тіліндегі оқу әдістемелік құралды қазақ балаларының сауат ашуында пайдаланған жазған (Алтынсарин, 1978: 25). Сонымен қатар, осы хатында: «Қызмет бұл жерде мардымсыз. Менің әр түрлі еңбектеріме орай марапаттауға ұсынса да ештеңе алмаймын. Менің ішкі жан дүнием әрдайым пайдалы, қоғамға керек адам болуға тырысады» деген (Алтынсарин, 1978: 26). Осыдан оқытушылардың жалақысының төмен, тіпті істеген еңбегінің әділ бағаланбайтынын анық көруге болады. Қазақ даласында білім терең, халқына адал қызмет етуге мүдделі оқытушылар қатары сирек еді.

Ұстаздардың жетіспеушілігін азайту немесе бұл мәселені шешу мақсатында сол кездегі оқу-ағарту саласының инспекторы болған Ыбырай Алтынсарин бірқатар қадамдар жасаған. Бұл туралы: «Ал, басынан бастап біліксіз мамандар арқылы жақсы нәтижелер күту мүмкін емес. Сондықтан, инспектор Алтынсарин білікті мамандарды өңірге тартып, қажет болса қызметтік мүмкіншіліктер мен жалақыны арттыру қажеттігін туралы айтады. Қажет болған жағдайда Қырғыз өлкесіндегі орысша білім беретін төрт училищеде 100–200 рубльге тағы жалақыны көтеру қазынаға да қоғамға да ауыртпашылық болмас», — деп жазылған (Алтынсарин, 1976: 138). Қазақ даласында жаңа талаптарға сай мектептердің болуын мақсат еткен Ы. Алтынсарин білікті мамандардың қазақ балаларына білім беруі қажеттігін айтып, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту туралы өз есебінде жазған. Осының негізінде: 1) қазақ өлкесінде мектеп пен училищелер көптеп ашылуы; 2) орысша білімді мұғалімдер санының артуы; 3) жалақыны үкімет қазынасы есебінен көтерілуі көзделген. Нәтижесінде училищені бітірушілер мектепте біліп-жиғанын оқушыларға үйретіп, білімді ұстаздан білімді шәкірттер шығару еді. Осы орайда Алтынсариннің еңбегі қазақ ағартушылық тарихында ерекше екені айтпасақ та белгілі.

Ыбырай Алтынсариннің замандасы, қазақ өлкесінде мектептер ашылуында қолдаушы болған миссионер Н. Ильминский «Вопоминания об Алтынсарине» атты еңбегінде: «1879 жылы Торғай және Ырғызда екі училище ашылды. Алтынсарин училищеге жақсы бағыт-бағдар мен жағдай қамтамасыз ету үшін ең алдымен оқытушылар маңызды деп есептеді. Сондықтан да «қабілетті әрі білікті», оқу ісін сәтті жүргізіп кететін, көздеген мақсатта жұмыс істей алатын ұстаздарды табу оның ең басты қамқоры болды (Ильминский, 1891: 42). Аталған мәліметке сүйенсек, білікті әрі білімді мұғалімге деген сұраныстың жоғары екендігі көрініп тұр. Ал, енді мұнда: «Орталық училищелерде екі мұғалім бар, біреуі қырғыз (қазақ – авт.), ал екіншісі орыс. Екі мұғалімнің болуы қажет, себебі, қырғыз мұғалімсіз жаңа оқуға келген қырғыз ұлдарын орыс тіліне сәтті үйрету мүмкін емес, ал орыс тілі мұғалімісіз қырғыз оқытушылары училищелерде өздерінің азияттық элементтерін енгізуі мүмкін. Сонымен қатар, қырғыз мұғалімдері Троицк немесе Торғай училищелерін бітіргендер арасынан таңдалып алынды», – деп 1880 жылғы Торғай облысы бойынша қазақ мектептерінің жағдайы

туралы есебінде жазды (Алтынсарин, 1976: 138). Іргелі оқу орындарын бітірушілер арасынан сұрыпталып, ең үздік деген мұғалімдер таңдалғаны айтылған. Орысша білімді қазақ мұғалімдердің аз болуы жайында: «Қырғыз (қазақ – авт.) даласында халық ағарту ісінде негізгі кедергі бұл — білікті мұғалімдердің жетіспеуі деді (Алтынсарин, 1976: 138). Мұғалімдердің жетіспеушілігі орысша білімді мамандардың аз болуының көрсеткіші болғанымен, мұсылманша сауатты оқытушыларының жоқтығын білдірмейді. Расында, қазақ халқының көшпелі өмір салтының ерекшеліктері оқу-ағарту ісінде айқын көрінді. Мұның өзі рухани отарлаудың дәстүрлі қоғамның іргесін ыдырата алмағандығынан хабар береді.

XIX ғасырдың соңында мұсылмандық мектеп-медреселерге заманауи реформа жасау қажеттігі туындады. Осы орайда Қырымда мұсылмандық ағартушылық қозғалыс белең алып, білім беру жүйесін түпкілікті түрде өзгертіп, тарихқа – жадидизм деген атпен енді. Жәдидтік реформаның бастауында И. Гаспринский тұрды. Оның «Терджима» атты газетте «Білім беру әдістері» мақаласында: «қожа, калфа және мектебдарлар педагогиканы меңгермесе де, білім беру әдістерін білмесе де, көздеген мақсаттарына жете алмаса да балаларды оқытуға бар күш-жігерін салып жатыр. Біз оларға алғыс білдіреміз», деп жазған (Гаспринский, 1887: 138). И. Гаспринский оқу бағдарламасына заманауи әдісті, ресейлік білім беру жүйесіндегі арифметика, орыс тілі, жағрапия, тарих пәндерін оқытуды ұсынды. Сабақ беру барысында «Ходжа-и субъян» (Балалар оқытушысы) оқулығын қолданды (Сеитмеметова, 2021: 189). Оқытушылар үшін әдістемелік құралды жазып, онда жадидтік білім берудің негіздерімен, принциптерімен таныстырып, ең алдымен мектепті ғылыми тұрғыда ұйымдастырылуы жөнінде оқытушыларға құнды тәжірибелік нұсқаулар берген. Исмаил мырза: «тәжірибелі, іскер педагог балаларға түсінікті тілмен сөйлесуге тырысып, осылайша біртіндеп өзінің даму деңгейі мен қабілетіне дейін балалардың деңгейін көтереді» деген (Аметова, 2016: 4). Жаңашыл мұсылмандық білім беру жүйесі мектеп пен медреселерде қолданысқа ие болып, Крым, Қазақстан және Орталық Азия елдеріне кеңінен тарала бастады.

XIX ғасырдың соңында медресе, мектептерде дәріс беретін оқытушыларды «мұғалім» деп атау И.Гаспринскийдің есімімен байланысты. 1894 жылы «Муаллими лисани русий» (Орыс тілі мұғалімі) атты оқулығы (Абдирашидов, 2022: 553), 1898 жылы «Рухбар мугаллимин яки мугалимлэре юлдаш» (Мұғалімге көмекші) атты еңбектері жарыққа шығады (Денисов, 2011). Осыған орай «мұғалім» сөзі оқу орындары мен білім саласында кеңінен қолданысқа ене бастады. Мұғалім сөзінің мән-мағынасына келер болсақ, «мұғалім» — араб сөзі, оқытушы ұстаз деген мағынаны білдіреді (Мамырбекова, 2017). Ал, жадидтік білім беру жүйесі негізінде жаңа мектеп, медресе оқытушыларын «молла», «мүдәрис», «халфе», «тақсыр», «қожа» емес, «мұғалім», ал әйел педагогтарды — «мұғалима» деп атайтын болды. Жаңашылдық тек оқу үрдісі, әдістемелік, пәндік негізде ғана емес, сонымен қатар, мұғалімдердің оқушылармен қарым қатынасында, әдеп-этикасында, киім кию үлгісіне де енгізілді. Олар (мұғалімдер – авт.) еуропаланған киім үлгісін киді, дәлірек айтсақ, татар үлгісіне жақын. (Нұртазина, 2022: 180).

Қазақ жеріндегі жәдиттік оқу орындары туралы деректерге жүгінер болсақ: орталық мұрағат қорында сақталған 1911 жылғы Діни істер департаментіне келіп түскен есепте Жетісу облысы бойынша жаңа әдісті мектептер жөнінде мәлімет келтірілген: Пржевальскіде — 3 мектеп, ал оқушылар саны — 240; Тоқмақта — 1 мектеп, 90 оқушы; Пішпекте — 1, 120 оқушы; Сергиопольде — 1, 60 оқушы; Лепсіде — 2, 45 оқушы; Жаркентте — 2, 70 оқушы; Қапалда — 2, 200 оқушы [ҚРОМА, 44 қ., 1.

тізбе, 3 іс. 4086 п.]. Ал, келесі 1912 жылдың 6-қазанында осы Діни істер департаменті Жетісу облысының әскери губернаторы генерал-майор М.А. Фольбаумға хат жазып, өзіне бағынысты жердегі мұсылмандық оқу орындары жөнінде құпия түрде ақпарат беруді сұрастырады. Соған орай 2-қараша күні Жетісу облысының халықтық училищелер инспекторы облыстық басқармаға берген жауап хатта: жаңа әдісті мектептер жөнінде Верныйда — 3, Қапалда — 2, Қапал уезінде —1, барлығы 6 жаңа әдісті мектеп бар. Ал Лепсі мен оның уезінде тек ескі әдісті мектептер бар екендігін айтады (ҚРОМА, 44 қ., 1. тізбе, 3 іс. 8–9 пп.). Әрине бұл, тек шағын ғана Жетісу өлкесі бойынша толық емес мәліметтер.

Қазақ даласынан жәдидтік әдісте білім алуға ұмтылған жастар негізінен Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк қалаларындағы «Мухамадия», «Хусаиния» «Ғалияда», «Исхакия» білім алған. Аталған медреселер ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында оқытушылар мен болашақ мұғалімдерді дайындау мен қазақ жеріне жадидтік қозғалысының таралуына зор үлес қосты. Осылайша қазақ даласында жаңашыл әдіспен білім беретін мұғалімдер саны артты. Жәдидтік медреселерде дінді оқыту, ислам тарихы, ана тілі, араб тілі, араб тілінде логика, орыс тілі, тарих, арифметика, геометрия, алгебра, география, физика, химия, зоология, ботаника, гигиена, педагогика, заңтану, гимнастика оқытылды. Оқытылатын пәндердің ауқымдылығы мен кешенді түрде білім берілуіне қарап, медреселердің шәкірттерінің білімі мен біліктілігі жоғары, түлектердің мықты маман болып қалыптасқандығына күмән жоқ. ХІХ ғасырдың соңындағы медреселердің оқу бағдарламасындағы «Педагогика» пәні бойынша оқу жоспары: дене тәрбиесі, жанұя, мектеп, денсаулық сақтау, гимнастика, рухани тәрбие, сыртқы және ішкі сезім, методика және дидактика туралы түсінік (ООМА. 213-қ., 1-т.,5 іс, 4 п.). Көріп отырғанымыздай болашақ мұғалімдердің толыққанды, жан-жақты білім алуына қажетті пәндер оқу бағдарламаларына енгізілген. Жәдидтік мектептердің түлектері болашақ Алаш қайтаркерлерінің көпшілігін құрағанын ескере отырып, қазақ өлкесіне жаңаша серпін әкелуі жәдидтік медреселердің рөлін айқындайды.

ХХ ғасырдағы қазақ сахарасында құрылған мектеп пен медреселердегі мұғалімдердің жағдайы, оқу бағдарламалары, мектептердің құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі, оқу мезгілі, қазақ балаларының ана тілінде сауат ашу сияқты мәселелер сол кезеңдегі баспасөзде қозғалған. Бұған «Қазақ» газетінде Ахмет Жанталиннің: «Енді байқап жүрсек, біздің медреселерден шыққан шәкірттеріміз доктор бола алмайды, землемер бола алмайды. Енді не болады? Жалғыз-ақ мұғалім бола алады, молда болып, бала оқыта алады. Бір шәкірт медреседегі дәрістерді «қатым қылып» еліне қайтқан соң, ол аймағының баласын жинап алып, сабақ оқытып, сол әдетпенен ғана тамағын тойдырмаса, онан өзгеге шамасы келмейді», деген сөздерінен қазақ арасында таралған білімнің сапасы мен мұғалімдердің жағдайын, мұғалім болып азын-аулақ, шолақ білімділер бала оқытып, тек күн көріс ретінде мұғалімдікті кәсіп қылу қоғамда қалыптасқан жайт екенін көреміз (Жанталин, 2009: 20). Бұндай жағдайдың қалыптасуы қазақ өлкесінде жоғарғы оқу орындары, яғни университет пен білімді жетілдіру мекемелерінің болмауы себеп. Сауат ашып, азын-аулақ білімі бар жастар ары қарай оқуын жалғастыру үшін Орынбор, Троицк, Омбы және т.б. Ресейдің ішкі губернияларына немесе мұсылмандық сауаты бар жастар Қазан, Астрахань, Бағдат, Ыстамбұл сияқты қалаларға бару керек еді. Алайда, оқуды жалғастыру қомақты қаражатты талап етті. Соған байланысты біліп-түйгені бекер қалмас үшін қазақ жастары ауыл мектептерінде қазақ балаларына білім беріп, мұғалім болып қызмет еткен. А.Жанталиннің «одан өзгеге шамасы келмейді» деген сөзі шәкірттердің қабілеті мен оқуға ынтасының төмендігін білдірмейді. Шәкірттердің қаржылық жағдайының

болмауы мен жоғарғы оқу орындарына түсіп, оқуға мүмкіндіктің жоқтығына қатысты айтылған сөз. Керісінше, қазақ жастары оқу-білімге құштар болды. Ауқатты отбасы мен бай туыс-туғандары болған қазақ жастары оқуларын жалғастырып, Ресейдің іргелі оқу орындарына түсіп, заңгер, дәрігер сияқты маман иелері атанған. Мысалы, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты оқуға қаржысы болмаған жастар елге қайтып, білімін оқушыларға сауат ашуға пайдаланып, мұғалім болған. Мұғалім мен оқыту сапасы туралы қоғам қайраткерлері жарыса айтты. Мәселен, Міржақып Дулатұлы: «Молданы осы кезде мұғалім деп жүрміз. Мұғалім — үйретуші деген сөз. Молда мен мұғалімнің айырмасы бар. Молда — имам, мешітте бес уақыт намаз оқып, уағыз сөйлеуші, нихақ оқып, балаларға ат қоюшы, өлгендерге жаназа оқушы... Мұғалімнің міндеті жалғыз балалар оқыту ғана боларға керек. Һәркім өз ісін жақсы біліп, өз ісінің шегінен шықпасқа керек» деп молда мен мұғалімнің ара-жігін ашып, қазақ қоғамында мұғалімдердің міндетін айқындады (Дулатұлы, 2009: 219). М.Дулатұлы қазақ қоғамында сауаты бар, елге берер білім мен ілімі бар адамдарды құрметтеп, діндар адамдар яғни молдалармен дәрежелерін қатар қоятындығы және мұғалімдерді ел өз мерейіне бөлейтінін айта келе, молда мен мұғалімнің ара-жігін айқындап берген. Қазақ жұртшылығының оқу-білімге деген талпынысын жеке бастарының қамы үшін  хат танығанның барлығы өздерін мұғалім етіп, күнкөріс үшін азын-аулақ табыс табуға бала оқытуды ермек еткен. Осы кезеңде хат танығанның бәрі мұғалім болып, қарапайым халық арасында өзіндік абыройға ие болды. Ел арасындағы ауқатты, бай адамдар балаларына орысша, мұсылманша білім беру мақсатында ауылдарда мектеп ұйымдастырып, қаржыландыруға, Орынбор, Омбы, Троицк сияқты үлкен шаһарларға оқуға жіберуге тырысты. Ұлт ұстазы — Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, иәғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы» деп жазған (Байтұрсынұлы, 2009: 182). Әрине, ұстаз алдына келген балаға тек білетінін ғана үйретуге дәрменді. Қарастырып жатқан кезеңде қазақ қоғамында бала оқыту ісі маңызды әрі мұғалімнің білімін көтеру, дамыту күн тәртібінде тұрды. Мұғалім – мектептің жаны болса, мұғалім қандай болуы шарт? Мұғалімнің міндеті не? Мұғалім оқу-білімді бойына жиған, ұлттық тәрбие мен тәлімді сіңірген, дүниетанымы кең, саяси-қоғамдық көзқарасы орныққан, өз пікірін дәйектей алатын, сөздік қоры бай, ой-өрісі кең тұлға болуы керек. Бұған қоса бала оқытудағы басты қағида мейірімділік пен адамгершілік, сабырлық пен қарапайымдылық, өз ісіне жауапкершілігі жоғары болуын талап ететін мамандық. «Ақырын жүріп, анық басып», алдына келген оқушыға өз білгенін үйрете алатын, білім алуға ынталандырып, қызықтыра білетін, қоғамның қалыптасқан қағидаттарын мен тәрбиені біліммен ұштастыра алуы керек. Мұғалімнің міндеті туралы «Баланы оқулықпен шектелмей, терең әрі жан-жақты білім беру мұғалімнің тікелей міндеті санаған Асылбек Жұманұлы оқытушының көп білуі керектігін  ашып жазған. «Жаңа шыққан праграмның негізіне түспей қолайсыз қиын тауып, терең ұлы мағына іздеп, праграмның әр тарауын тарқатып жіберіп кітаптан қарап оқыту орыс мұғалімдерінің көбінің істеген қатесі. Мұның түпкілікті себебі: мұғалімнің өзінің аймағын, елдің шаруасын, жаратылысын білмеуден келіп шығып отыр», – деп білімі таяз мұғалімнің  беделінің де болмайтындығын меңзеген (Мұхатова, 2018: 81).

XX ғасырдың бас кезінде рухани отарлау шеңберінде Ресей үкіметі өңірлерде мұғалімдер даярлайтын семинариялар мен училищелерді ашылды. Дегенмен, семинариялар мен училищелер, мектептер мен оқу орындарын мұғалімдермен қамтамасыз ете алмады. Себебі, қазақ ауылдары бір-бірінен шалғай орналасты,

мұғалімдердің жалақысы аз болды. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов осы турасында: «Талапкер, орыс тілін білетін біздің қазақ мұғалімі бұл сиезге бармаса болмайды. Біздің қазақ баласын оқытатын мұғалімге осы сиезге барып жол, өрнек, үлгі-өнер үйрету мақсат. Біздің сорлы қазақтың мұғалімі нашар, кедей. Бұл Петербор съезіне барып қайту, алыс-жақын жолына қарай 250–400 сом болады. Бұл ақшаны шығаратын қазақта мұғалім бар ма? Бұл шығын қалтасынан табылатын қазақта мұғалім бола ма?» (Бөкейханов, 2018а: 502), – деп жазды. Мұның өзі қазақ қоғамындағы мұғалімдердің әлеуметтік жағдайының төмендігін және оған қоса білімдерін жетілдіру мақсатында мұғалімдердің съездерге бару үшін қаражатының жетпейтіндігін дәйектейді. Дегенмен ұлт болашағына алаңдаған тұлға Жапония, Америка, Норвегия елдеріндегі бала оқытудың әдістері аталған мұғалімдер съезінде оқытылатыны және бұл съезге қалайда болмасын қазақ жұртшылығынан ақша жинастырып, қазақ мұғалімдерін жіберу мақсат етіп қойылғандығы жөнінде айтқан. Көріп отырғанымыздай, қарастырып жатқан кезеңде білімді әрі білікті мұғалім, ұстаздың жағдайы ұлт қайраткерлерін алаңдатып, газет-журнал беттеріне мақала жазуларына себеп болған. Мұғалім мәселесі бойынша А. Байтұрсынұлы 1913 жылы «Оқу жайынан» атты мақаласында: «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығын жабады, білдірмейді. Мұғалім нашар болса, сайлы мектепте отырып сабақ бере алмайды. Мұғалімдік оңай нәрсе емес. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оны білмейтін мұғалімдер тәртіппен жасалған оқу құралдарын тәртіпсіз жасалған құралдар орнында тұтынады», деп білімді ұстаздардың аздығы мен оқыту мәселесін көтерген (Байтұрсынұлы, 2013: 241–242).

Сонымен қатар жергілікті орыс патшасының шенеуліктері тарапынан қазақтардың білім-ғылымға деген талпынысына кедергі келтіру фактілері де жоқ емес. Мәселен, 1901 жылдың 16 маусымында Орынбор губернаторының жарлығымен полиция «Сеитов» посадындағы орыс емес ұлт өкілдерінен мұғалімдер даярлайтын педагогикалық курсты жауып тастады (Есімбекова, 2015: 37). Осындай орыс әкімшілігі тарапынан жасалған саясат қазақ өлкесінде онсыз да аз мұғалімдердің жетіспеушілігін арттыра түсті. Қазақ халқының білімге деген құштарлығын патша үкіметі тежеп отырды, өйткені байырғы тұрғындардың білім деңгейін жан-жақты дамытуға емес, жергілікті халықтың тілі мен дінін, әдет-ғұрпын жойып жіберуге және орыстандыруға аса мән берген. «Негізінен метрополия оқу орындарында білім алып, отаршылдық мемлекеттік басқару аппаратындағы қызметке және қазақ арасында орыс мәдениетін егіп, тарату үшін даярланған, зиялылар мұның бәрін жиып қойып, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық мәдениеттің өсіп өркендеуіне, ұлт өмірін қайта құру мақсатына қызмет ете бастайды» (Олжайұлы, 2020). Мақсатқа жетудің бірі ғылым-біліммен қарулану еді. Ал, ол үшін ғылым-білімді жұртшылыққа үйретіп, таратушы мұғалімдердің мәселесін шешу. Осы бағытта жасалған қадамның бірі — мұғалімдердің әлеуметтік жағдайы мен еңбекақысы да болды. Қазақ қоғамы білімді әрі елге қызмет етуге бел буған жалынды жастарға мұқтаж болды. Бұл жөнінде Әлихан Бөкейханов «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштерінің, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тайған-таянғанын жұрттан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Һәр жайдан хабардар дүниеде не істеліп, не қалыпта тұрғаннан бұлардың мәліметі мол. Қысқасы қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар», деп қазақтың болашағы білімді ұрпақтың қолында екені, ал білімді ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту заманауи біліммен қаруланған оқытушының құзыретінде екенін білген (Бөкейханов, 2018: 418). Ә. Бөкейхановтың

мақаласындағы басты идея саяси қалыптасқан жағдайға байланысты елдің азаттық жолындағы күресі қан майданда емес, ендігі кезекте оқу-ғылым деңгейіне ұласуы үшін білімді, білікті жастардың көп болуы мұғалімдерге байланысты. Тарихтың қай кезеңінде болмасын мұғалім мен оқытушылар қоғамды алға жетелеуші, көпшілік қауымға білім нұрын шашып, мәдениет пен өркениеттің бастауында тұрушы тұлға екені мәлім. Ұлт көшбасшысы тәуелсіздікке қол жеткізудің төте жолы білім мен ғылым деп қадап айтты. Сол себепті Алаш қайраткерлері жан-жақты қазақ мұғалімдерінің білімі мен біліктілігін арттыру, қоғамдағы рөлі мен мәртебесін көтеріп, мерейлерін асыру үшін атсалысуы болашақтың қамы мен бодандықтың бұғауынан қазақ елін алып шығуға бағытталған еді.

Қазан революциясының жеңісі, кеңес үкіметінің орнауы білім-ғылымға, саяси жүйеге, мәдениет пен қоғам тынысына орасан өзгерістер алып келді. Кеңес үкіметі өз идеологиясы мен саясатын нығайтып, кеңінен тарату мақсатында оқу-ағарту саласына көңіл бөлді. Жаңа социалистік идеологияны халық арасында тарату мен негіздеу мектеп қабырғасынан бастауды жөн көрді. Жергілікті жерлерде оқу-ағарту комиссариаттары құрылды, мектеп үйлері ұйымдастырылды, идеология негізіне сай келетін оқу құралдары жазыла бастады. Заманның серпілісіне қарай білімді қазақ жастары, қазақ мұғалімдері жаңа билік жүйесіне қызмет етуден шет қалған жоқ. Бұл туралы Сұлтанбек Қожанов: «Семинарияны бітірген ия басқа ретпен мұғалімдікке қатысқан азаматтар азғантай. Бірақ сол азғананың өзі оқу жұмысынан кетіп қалып отыр. ... кенже қалған халықтардың бірінші көп қызметкері һәм саясат иесі болып шығатын мұғалімдер болады деген сөз біздің тіршілігімізде анықталып отыр. Мұғалімдеріміздің көбі комиссар болып кетті», - деп оқытушының материалдық жағдайының төмендігі келешегі күмәнді мамандық ретінде халық арасында қабылданған. (Қожанұлы, 2020: 78). Жаңа үкіметтің орнауымен дін мен білім беру жүйесінің арақатынасы ажыратылып, медреселердегі молдалар биліктің сынына ұшырап, атеистік қоғам құру жолында бөгет адамдар ретінде қарастырылды. Осы тұста медресе бітірген қазақ жастары екі ортада керексіз қалыпқа түсті. Бұндай жастардың бөлігі комиссариаттарға, жергілікті билік тарапына, насихат-үгіт бөлімдеріне, партия қатарына қызметке орналаса бастады. Мұсылмандық білім алған шәкірттер жаңаша оқуға яғни орыс тілінде қайта білім алуға тура келді. Бұл серпіліске мұғалімдер де қосылды. Елдегі жағдайға байланысты мектеп үйлерінің жағдайы нашар, оқу-құралдары аз, мұғалімдердің әлеуметтік жағдайы мен жалақылары өте төмен еді. Сол себепті мұғалімдер қиын жағдайдан шығу мақсатында кәсіптерін ауыстырып, өзге жұмыстарға ауысуы орын алды. Халықтың сауатты бөлігі үкімет мүддесіне қызмет етуі Кеңес билігіне қолайлы болды. Алайда, бұл тенденция мұғалім кадрларының жетіспеушілігіне алып келді. Бірақ өз мамандығына адал, ісіне берік мұғалімдер материалдық жағдайға қарамастан бала оқытуды өмірлік жолы ретінде таңдап, маман иесі болып қала берді.

Кеңес үкіметі елдегі саяси мәселелер мен қатар оқу-ағарту саласында реформалар жүргізіп, елдегі мұғалімдердің білім деңгейі мен біліктілігін көтеру жолында баспасөз құралдары арқылы әдістемелік, оқу-ағарту жөніндегі ақпараттар, мұғалімдердің білімі мен біліктілігін арттыруға арналған материалдарды жариялау қолға алынды. Осы мақсатта 1919 жылы қазақ тілінде «Мұғалім» атты тұңғыш педагогикалық журнал шығара бастады. Методикалық жұмысты жолға қоя білу, мұғалім кадрларын даярлау, сондай-ақ қазақ тілінде оқу құралдарын көркем және ғылыми әдебиеттерді басып шығаруға аталған журнал, әсіресе, Қазақстанның батыс облыстары үшін айта қаларлықтай қызмет атқарады. Педагогикалық және әдістемелік

жұмыстар бірізді шалғай ауыл-аймақтарға да таралып, әр мұғалімге қолжетімді болуы үшін ұйымдастырылды. Бұған қоса оқу-құралдарымен қамтамасыз ету қаржыландыруға байланысты аз болды. Оқу-құралдарын құрастырып, басып шығаруға қаржы мен уақытты әрі техникалық-материалдық жабдықтарды көбірек талап етті. Ал, баспасөз беттері арқылы мұғалімдердің білімін жетілдіру таптырмас шешім еді. Бұл шаралардың барлығы мұғалімдердің білім сапасын арттыра отырып, оқу-ағарту ісінің деңгейін көтеру маңызды болды. себебі, мұғалім жаңа құрылған кеңес идеологиясын дәріптейтін негізгі құралы еді. Сонымен қатар, «Жаңа мектеп» деген атпен 1925 жылы тамыз айында Қызылорда қаласында шығарылып, журналдың қалыптасуына А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Әуезовтер ат салысты. Осы журнал туралы Ә. Бөкейханов: «Жаңа мектеп» - оқытушылардың тілі, құлағы. Журнал оқытушылардың тілектерін, мұң-мүддесін күзететін күзетші, журналға тұрмыстарын суреттеп жіберген ауыл оқытушыларында мүгедектік, қорқақтық бар. Көрген кемдігін, зәбір-запасын оқытушы ашып айтпайды», деп жазды (Бөкейханов, 2016: 298). Бұдан қоғамның, ауыл-аймақ пен қала мұғалімдеріне сұраныстың жоғары болуы, сондай-ақ мұғалімдердің білім беру сапасын арттыру, даярлық курстар мен оқуға қажетті мектеп құралдары мен оқу-әдістемелік материалдар, оқулықтармен қамтамасыз ету мақсатында журнал қызметін көреміз. Осы орайда Асылбек Сейітов еңбегінде мұғалімнің атқаратын жұмыстарын атап көрсете келе оның үнемі өзінің біліктілігін арттырып отыруы тиіс екендігін де назардан тыс қалдырмады. Біліктілікті кітаптар, мерзімді басылым материалдар арқылы көтеруге болатындығы өз талабын былайша көрсеткен: «Мұғалімнің білімін арттыру жолындағы жұмысы мұнымен түгесілмейді. Жалпы мұғалім қазақ тілінде шығып жатқан кітап, журналдарды, газеттерді жазып алдырып отыруы керек». Сол үшін Асылбекше «Губерниядағы әрбір мұғалім жалобниясының бір бөлімін кітап, журнал, газетке арнауы аса керек. Оқу бөлімдері, оқу бақылаушылары бұл пікірді елге жайып шыққан кітаптарды уақытында жеткізу шарасын көру керек» (Мұхатова, 2018: 84).

Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы: «Оқытушылардың білімін толықтыру, олардың жұмысына жәрдем беру — партия, кеңес жұртшылығының қашан да болса естен шығармайтын жұмысы. Ауыл мұғалімдеріне көбірек назар салыну керек» деп атап көрсетті (Дулатұлы, 2003: 248). Қала мұғалімдерінің білімін дамыту мен арттыруға барынша мүмкіндіктері болды. Үлкен қалаларда оқытушыларға арналған семинариялар, курстар, клубтар мен мәдениет үйлерінде біліктілікті жетілдіру мақсатында кешкі мектептер ұйымдастырылып, оқу-әдістемелік құралдар қолжетімді еді. Тіптен жалақылары да біршама жоғары еді. Ал, шалғай ауылдық аймақтарда бұндай мүмкіндік болмады. Аудан орталықтарындағы курстар мен семинарларға қарапайым мұғалімдердің баруына қиын. Себебі, бірнеше шақырым жол алшақтығы, көліктің болмауы, ауа-райына тәуелді факторлар, ауылдағы тұрмыстық-шаруашылық жайттар, оқу-әдістемелік құралдардың ауыл мұғалімдерінің қолдарына да тие бермеді. Олар аз тиражда шығарылды, елде экономикалық жағдайға байланысты оқу-құралдарына қаражат аз бөлінгені айқын.

Кеңес үкіметі қаржылық тапшылық пен ресурстардың аздығына қарамастан түйткілді мәселені шешу үшін қадамдар жасалды. Мәселен, екі сатылы мектептер ашу, балаларды мектепке тарту ісі жүргізілгенімен мұғалімдер жетіспеді. Мұндай тығырықтан шығудың жолы — қысқа мерзімді курстар ұйымдастыру еді. Ағарту халық комиссариаты 1918 жылдың 2 тамызында арнайы қаулы қабылдап, күш-жігерін маман дайындауға жұмсады. Мұғалім болуға ынталы адамдарды тіркеу, олардың білім алуына жағдай жасау шаралары ұйымдастырыла бастады. Дайындық курстардың легі

жаңа мектептер ашуға және қолданыстағы мектептерді мұғалімдермен қамтамасыз етуге тың мүмкіндіктер тудырды. Ағарту халық комиссариатының ұйымдастыруымен 1919 жылдан бастап 1920 жыл ішінде қос сатылы мектептер үшін 2,5 мыңға жуық мұғалім қысқа мерзімді курстан өтті. Нәтижесінде 200 мың оқушысы бар 3600-нан аса мектеп ашылды. 1919 жылдың қыркүйек айында Алматы мен Орынбор, Торғай мен Орал, Шалқар мен Қарабұтақ, Ойыл мен Ырғыз жерлерінде мұғалімдерге арналған 2 айлық курстар ұйымдастырылды (Шарипова, 1957: 120). Осылайша, жаңа құрылған Кеңес үкіметі мұғалімдердің білімін жетілдіретін даярлық курстарын, оқу-құралдарын шығарып, оқу-ағарту ісіндегі мәселелерді шешуге тырысты.

Т. Жүргенов: «Біздің ауылда көріп отырған мұғалімдеріміз баяғы дүмше молда. Біз ауылда мұғалім бар, оқу қазақша деп мәз боламыз. Әлгі дүмше молдалардың қолынан қазақша оқыту келеді деп кім айта алады? Мұндай «мұғалімдердің» өзінің оқығаны, өзгеге де оқыта білетіні төменгі деңгейде, қазақшаңды олар білмейді», - деп кеңес үкіметі орнаған кезеңде де ауыл аймақтағы оқытудың ескі үлгіде қалып қойғаны мен мектептегі білім деңгейін көтеру мәселесі жөнінде айтқан. Әрине, кеңестік оқу үлгісі қалаларда жақсы таралғанымен шеткі ауыл-аймақтардағы білім сапасы бұрынғы жағдайынан көп өзгеріске ұшырамағанына дәлел бола алады (Жүргенов, 2001: 69). Т. Жүргенов кеңес үкіметіне дейінгі мұсылмандық сауат ашқан мұғалімдер сол араб әліпбиі негізінде білімді екені, шалғай жерлердегі орысша оқудың таралмағанын, медреселердегі татар және ноғай, араб тілдеріндегі жазу үлгісінде жүргізіліп тұрғанын айтқан. Дегенмен, ауыл мұғалімдерін ауыл, қала деп бөлмей қайта даярлықтан өткізіп, білімдерін жетілдіру заман талаптарының біріне айналды.

Мұғалімдердің заман ағымына қарай мәртебесі мен қоғамдағы рөлін көрсететін факторларының бірі — ұстаз еңбегіне сұраныс. Т. Жүргенов жалақының аздығы жайында: «Оқытушылардың еңбекақысы аздықтан бала оқыту жұмысында, әсіресе қазақтан қарап қалатұғындар, көбінесе өте оңды оқытушылар болмайды. Реті келмесе, оқытушылардың көбі бөтен жұмысқа жармасады, болмаса бір жерде сабақ беріп алған ақшасына қанағаттана алмайды, оқытушы күнелтетін айлық алу үшін-ақ неше жерде сабақ беретін болды. Жалғыз сабақпен де отырмай, түрлі қызметке жегіледі. Мұндай хәлдер оқыту-оқу жұмысына үлкен кесір. Оқытушының мойындағы міндеті оқыту болмаған соң, қайда болса да ол оқытушы көңілдегідей әзірленіп жүріп оқыта алмайды. Тек келіп-кетіп уақытты босқа өткізеді» (Жүргенов, 2001: 70). Мұғалімнің білімі мен біліктілігін жетілдіріп қана қоймай кеңестік билік оның материалдық жағдайына назар аударды. Өйткені мұғалімнің жалақысы жоғары болмады. Осыған байланысты мұғалімдікті кәсіп қылуға қазақ жастары асықпады. Бұл өз тарапынан елдегі мұғалім кадрларын арттыру кешенді түрде жүргізу керектігін көрсетті.

Т. Жүргенов: «Тек өзі сабақ беретін пәні үшін ғана емес, сонымен қатар мектептегі тәртіп үшін, өзге де пәндерді оқушылардың меңгеріп кетуіне әр мұғалім күш салу қажет. Жағрапия мұғалімі оқушылардың тек жағрапия пәнін меңгеруін ғана қадағаламауы керек, сонымен қатар орыс тілін меңгеруін қадағалап, оларға педагогикалық тәрбие беріп, оқушының политехнизациядан да хабары болуын қадағалауы тиіс», – деп, мұғалімнің біліктілігі, оқушыға беретін білімі туралы айтқан. Мұғалім өзінің пәні бойынша сабағының оқушының меңгеруін алдыңғы кезекке қойған, яғни қазіргі тілмен айтсақ, білім алушының құзыреттілігіне ерекше мән берген. Оқушы ең алдымен пәнді терең меңгеруі қажет. Содан кейін сол пәнмен өзара байланыстағы сабақтардан бойынша түсінігі болуы шарт. Ал ең бастысы кеңестік идеологияға сәйкес орыс тілін меңгеруі талап етілген. Ұлт зиялысы мұғалімнің

біліктілігімен қатар өзге пәндер бойынша да хабарының болуын, мектеп тәртібін ұстануын және қадағалауын, оқушының тәрбиесін білім алумен ұштастыруды басты міндет ретінде атап көрсеткен (АқМА, 77-қ. 1-т. 66-іс. 16-п.).

Кеңес үкіметінің орнауынан кейін де мұғалімдердің білімінен бөлек, жалақысы, қоғамдық жұмыстарға тартылуы, әлеуметтік жағдайын түзету мәселелері жоғарғы мінбелерде көтеріліп, өзектілігін жоғалтпады. Кеңес үкіметі жұмысшы, шаруалардың мүддесін қорғайтын билік ретінде аталған мәселе бойынша кешенді реформалар мен жұмыстар жүргізді. Елдегі орын алған саяси жағдайлардың қиындығына байланысты жаңа билікке қызмет ететін, сауатты азаматтарды қоғамдық жұмыстарға, жергілікті жерлердегі әкімшілік пен ұйымдарға тартуы орын алды. Мәселен, Дейнеганың «Педагогикалық оқу орындарын қайта құру» атты баяндамасының тезисінде «Қазіргі кезеңдегі өзекті міндеттердің бірі маркстік-лениндік теориямен педагогтарды қаруландыру, мәдени және идеологиялық тұрғыдан дұшпандық көзқарастың көріністерімен белсенді түрде күресетін, мәдени төңкерісте көпшілікпен жұмыс жүргізіп, ұйымдастыратын, политехникалық білімі мен тәжірибелік біліктілігі бар кадрлар дайындап, өндіріс және ауыл шаруашылық саласында қызмет ететін, ағартушылықісіндегі ескі кадрларды жаңа кадрлар буынымен алмастыру қарқынын тездету қажет. Бұның барлығы өз кезегінде нақты таптық бөлініс негізінде шұғыл түрде педагог кадрларын қайта даярлау жұмысында жүйелі бағытта болуы керек», – деп көрсетілген (ҚОМА. 4-қ. 1-т. 17-іс. 23 п.). Кеңес үкіметі кешенді түрде жаңа идеологияға қызмет ететін, атеист, ұлттық құндылықтар мен ерекшеліктерден жұрдай, тек биліктің шырмауынан шықпайтын қоғам құру ісінде мұғалімдерді басты құрал ретінде пайдалануды жөн көрді. Большевиктік билік үшін енді мұғалім тек сауат ашып, оқу-ағарту ісімен айналысатын тұлға емес, кеңес идеологиясын жүргізетін, жаңа ұстанымдарды насихаттап, жас буынды тәрбиелейтін, қоғамға ықпалы зор, саясаттың сойылын соғатын маман иелеріне айналды. Ұстаздардың осындай саясаттың негізінде мәртебесі көтерілді. Әлеуметтік жағдайы жақсарып, билік тарапынан берілетін барлық артықшылықтарды мұғалімдер алғашқылардың бірі болып алды. Ел бойынша мұғалімдер дайындайтын институттар мен жоғарғы оқу орындары ашылды. Мұғалімдер қоғамның зияткерлік элитасы ретінде саналды. Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы жарық көрген «Педагогика» атты оқулығының алғы сөзінде: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі» деген жалынды сөздері дәлел Жұмабаев, 1996: 222).

**Қорытынды**

Осылайша XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өлкесіндегі мұғалімдердің білімі, біліктілігі, қоғамдағы рөлі мен мәртебесі заман талабына сай күрделі кезеңдерден өтіп, дамыды. Аталған кезеңде қазақ өлкесіндегі ауыл молдаларының білімі мен біліктілігі сынға алынғанына қарамастан қазақ қауымы арасында өзіндік абыройы биік болды. Молдадан және патша үкіметі құрған мектептерде сауат ашқан оқушылардың арасынан ұлт ұстаздары мен Алаш қайраткерлерінің шығуы мұғалім еңбегінен хабар береді. Түрлі сатылардан өту нәтижесінде (молда, муддарис, қалпе, муалимун, мұғалім) оқыту, білім беру саласында нағыз маманданған, кәсіби-мұғалімнің қалыптасуы жүзеге асып, ағарту жүйесіндегі ерекше құбылыс ретінде бағаланды. Ұлт ұстаздары – А. Байтұрсынов, М. Дулатов. М. Жұмабаев. Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин секілді тұлғалардың мұғалім мәртебесін көтерудегі еңбектері өте зор болды. Соның нәтижесінде Кеңестік кезеңдегі Алаш зиялыларына амнистия жарияланған 20 жылдары Қазақстанда ағартушылық қозғалысы

кең етек жайған болатын, бұны тіпті европадағы «қара түнек» заманынан кейінгі «Ағартушылық дәуірі» кезеңінен де кем түспеді. Өйткені, жаппай сауат ашуға бет бұрып, қабаттасып келген азамат соғысынан кейінгі, қираған шаруашылық, ашаршылық, жұт, түрлі індеттер мен жоқшылыққа қарамастан, мемлекет қаржысынан үміт күтпей-ақ, түрлі қоғамдық ұйымдарға бірігіп (Қырғыз (қазақ) мәдениеті мен тарихын қызғыштай қорғаушылар, Қазақстанды зертеу қоғамы, Талап, Сауатсыздық жойылсын, Балалар достары қоғамы, Қалыңмал мен көп әйел алу жойылсын және т.б. толып жатқан қоғамдар), мұғалімдер дайындау курстарын ашып, оқулықтар шығарып, дәрістер оқып, кітапхана, музей, театрлар ашып, қай жерде не жетіспейді соның жыртығын бүтіндеуге ұмтылып, мамандықтарына қарамай барлық саланы үйіріп алып кетіп отырды. Яғни, өз еңбектерімен үлгі тұтарлық ұстаздық деңгейге көтеріліп, нағыз тәрбиелеуші-педагог мұғалім феноменін жасаушы, қалыптастырушылар дәл осылар болды деп айтуға болады. Бұның астарында ел мұраты еркіндікті аңсаған, ұлт-азаттық күрестері талқандалған кездегі азаттыққа жетудің, ендігі жердегі күрестік ерекше түрі ретіндегі «ағартушылық» бағыты жатқан еді.

## ӘДЕБИЕТТЕР


Абдирашидов, 2023 — *Абдирашидов З.Ш.* Во имя просвещения... Исмаил Гаспринский и Туркестанская дворцовая элита. [Электронды ресурс]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/364254552_Abdirasidov_ZS_Vo_ima_prosvesenia_Ismail_Gasprinskij_i_Turkestanskaa_dvorcovaa_elita //Қаралған күні 11 ақпан 2023.

Алтынсарин, 1976 — *Алтынсарин И.* Собрание сочинений. В трех томах. 2 том./ответ.редактор: С. Кенесбаев. Алма-Ата, Наука КазССР, 1976. 423 с.

Алтынсарин, 1978 — *Алтынсарин И.* Собрание сочинений. В трех томах. 3 том./ответ.редактор: Б.Сулейменов. Алма-Ата, Наука КазССР, 1978. 352 с.

Аметова, 2023 — *Аметова Н.И.* Педагогическое наследие Исмаила Гаспринского. [Электронды ресурс]. – URL: https://infourok.ru/pedagogicheskoe-nasledie-ismaila-gasprinskogo-1355588.html //Қаралған күні 11 ақпан 2023

АқМА — Алматы қаласы мемлекеттік архиві.

Байтұрсынұлы, 2009 — *Байтұрсынұлы А.* Мектеп керектері. Қазақ газеті. 1914./ Құрастырған: Смағұлова С.О., Әнес Ғ.Қ., Замзаева Т.А. Алматы, 2009. 480 б.

Байтұрсынұлы, 2013 — *Байтұрсынұлы А*. Оқу жайынан. /Жауапты редактор: Ісімақова А.С. Алты томдық шығармалар жинағы. 5-том. Алматы: Ел шежіре, 2013. 384 б.

Бөкейханов, 2018 — *Бөкейханов Ә.* Мұғалімдер жиылысы. Шығармалары-Сочинения. Он бес томдық. 8-том. /Құрастырған: С.А. Жүсіп. Астана: Алашорда Қоғамдық қоры, 2018. 600 б.

Бөкейханов, 2016 — *Бөкейханов Ә.* Оқытушылардан көмек күттік. Шығармалары-Сочинения. Он бес томдық. 12-том. /Құрастырған: С.А. Жүсіп. Астана: Сарыарқа. 2016. 568 б.

Гаспринский, 2019 — *Гаспринский И. Публицистика*: 1887–1890. Полное собрание сочинений. В 3-х томах. Т.2 Медоты преподавания. / Гл. ред. Р. С. Хакимов; сост. С. А. Сеитмеметова. – Казань – Симферополь: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2019. 560 с.

Денисов, 2023— *Денисов Д.Н.* Значение И. Гаспринского для оренбургских мусульман. [Электронды ресурс].
– URL: https://idmedina.ru/books/islamic/?2580 //Қаралған күні 12 ақпан 2023

Дулатұлы, 2003 — *Дулатұлы М.* Мәдениет төңкерісінің міндеттері мен оқытушы. Бес томдық. 3-том./ Жауапты редактор Ысмағұлов Ж. Алматы, 2003. 400 б.

Есімбекова, 2015 — *Есімбекова Б.О.* XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ мектептерінің типтері мен білім беру ұстанымдары. //Білікті педагог. №1, 2015. 36–39 б.

Жанталин, 2009 — *Жанталин А.* Медреседен оқып шыққан шәкірттерде не болашақ? Қазақ газеті. 1913. №1, / Құрастырған: Смағұлова С.О., Әнес Ғ.Қ., Замзаева Т.А. Алматы, 2009. 480 б.

Жұмабаев, 1996 — *Жұмабаев Ж.* Педагогика. Шығармалар. Үш томдық. 2-т./жауапты редактор М. Базарбаев. Алматы: Білім, 1996. 512 б.

Жүргенов, 2001— *Жүргенов Т.* Мектептің түрі, тілі туралы. Таңдамалы./ редактор Ғ. Әнес Алматы: Арыс, 2001.

Ильминский, 1891 — *Ильминский Н.* Воспоминание об Алтынсарине. Казань: Типо-Литография Ключникова В.М. 1891. 440 с.

Қайырханов, 2010 — *Қайырханов Ф.К.* Шоқан Уәлиханов қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті туралы. //Ш. Ш.Уәлиханов мұрасы әлемдік тарих контексінде халықаралық ғылыми форум материалдары. Семей, 2010. 101 б.

Қожанұлы, 2020 — *Қожанұлы С.* Халық ағарту-оқу майданына күшті аудару керек. Таңдамалы мақалалары мен архив құжаттары — Султанбек Кожанулы. Құрастырғандар: Х.М. Тұрсын, А. Шәріп. Нұр-Сұлтан: Алашорда Қоғамдық қоры, 2020. 496 б.

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

РФ МА — Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві

Мамырбекова, 2017 — *Мамырбекова Г.* Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. Алматы. 2017. 658 б.

Мұхатова, 2018 — *Мұхатова О.Х.* Асылбек Сейітов – тарихта қалған із (жеке тектік қор құжаттары бойынша). Алматы: Қазақ университеті, 2018. 99 б.

Нұртазина, 2002 — *Нұртазина Н.Д.* Қазақ мәдениеті және ислам. Алматы, 2002. 208 б.

Олжайұлы, 2022 — *Олжайұлы Ы.* XIX ғасыр аяғындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісі. //Qazaqstan Tarihy. 2020. 17 шілде. [Электронды ресурс]. — URL: https://e-history.kz/kz/news/show/31812/ //Қаралған күні 1 қыркүйек 2022.

ООБМА - Орынбор облыстық бірлескен мемлекеттік архиві

Токаева, 2022 — *Токаева К.-Ж.К* Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество. Послание главы государство Народу Казахстана. 1 сентября 2022 года. [Электронды ресурс]. –URL: https://akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130 //Қаралған күні 10 қыркүйек 2022.

Тажибаев, 1962 — *Тажибаев Т.Т.* Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Казахское государственное издательство политической литературы. Алма-Ата: Наука КазССР, 1962. 566 с.

**REFERENCES**

Abdirashidov Z.Sh., 2023 — Vo imya prosveshcheniya... Ismail Gasprinskiy i Turkestanskaya dvortsovaya elita. [Abdurashidov Z.Sh . In the name of enlightenment... Ismail Gasprinsky and the Turkestan palace elite.] [Electronic resource]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/364254552_Abdirasidov_ZS_Vo_ima_prosvesenia_Ismail_Gasprinskij_i_Turkestanskaa_dvorcovaa_elita Date of application February 11, 2023.[in Rus].

Altynsarin I., 1978 — Sobranie sochinenij. Vol.3. Book 3 [Altynsarin I. the collected essay]. Alma-Ata, Nauka KazSSR, 1978. 352 p. [in Rus.].

Altynsarin I., 1976 — Sobranie sochinenij. Vol.3. Book 2. [Altynsarin I. the collected essay]. Alma-Ata, Nauka KazSSR, 1976. 423 p. [in Rus.].

ASA — Almaty State Archive.

Ametova N.I. Pedagogicheskoe nasledie Ismaila Gasprinskogo. [Elektrondy resurs]. – URL: https://infourok.ru/pedagogicheskoe-nasledie-ismaila-gasprinskogo-1355588.html Date of application February 11, 2023. [in Rus.].

Baitursynuly A., 2013 — Oku zhaiynan. Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. [About the state of study]. – Almaty: «El shezhire», 2013. Vol.6. Book 5. 384 p. [in Kaz].

Bajtursynuly A., 2009 — Mektep kerekteri [School supplies]// Kazak gazeti. 1914. №62, 17 maj / Kurastyrgan: Smagulova S.O., Anes G.K., Zamzaeva T.A. Almaty, 2009. – 480 b. [in Kaz.].

Bokeihanov A., 2018 — Kazaksha oku zhajynan. Shygarmalary-Sochineniya. [About the state of kazakh study].Vol.15. Book 8. Astana, Alashorda Kogamdyk kory, 2018. 600 p. [in Kaz.].

Bokeihanov A., 2016 — Okytushylardan komek kyttik.Shygarmalary-Sochineniya. [Expected help from teachers]. Vol.15. Book 12. Astana: Saryarka. 2016. 568 p. [in Kaz.].

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

Central'nyj Gosudarstvennyj Arhiv RK. F.4. O.1. D.17. OC. L.23. [in Rus.].

Denisov D.N. Znachenie I., 2023 — Gasprinskogo dlya orenburgskikh musulman. [Denisov D.N. The significance of I. Gasprinsky for Orenburg Muslims.] [Electronic resource]. – URL: https://idmedina.ru/books/islamic/?2580 Date of application February 11, 2023. [in Rus.].

Dulatuly M., 2003 — Madeniet tonkerisinin mindetteri men okytushy. [The tasks of the cultural revolution and the teacher]. Vol.13. Book 3. Almaty, 2003. 400 p. [in Kaz.].

Esimbekova B.O., 2015 — XIX gasyrdyn ayagy men XX gasyrdyn basyndagy kazak mektepterinin tipteri men bilim beru ustanymdary. [Types of Kazakh schools and principles of education in the late 19th century and early 20th century] // Bilikti pedagog. №1, 2015. Pp.36–39. [in Kaz.].

Gasprinskiy I., 2019 — Medoty prepodavaniya. Polnoe sobranie sochineniy. Vol.3. Book 3. Publitsistika: 1887–1890. Medoty prepodavaniya. / Gl. red. R.S. Khakimov; sost. S.A. Seitmemetova. – Kazan – Simferopol: Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2019. 560 p. [in Rus.].

Gosudarstvennyj Almatinskij gorodskoj arhiv. F.77. O.1. D.66. L.16. [in Rus.].

Il'minskij N., 1891 — Vospominanie ob Altynsarine. [Recollection of Altynsarin]. – Kazan': «Tipo-Litografiya» Klyuchnikova V.M. 1891. 440 p. [in Rus.].

Kaiyrhanov F.K., 2010 — SHokan Ualihanov kazak halkynyn dasturli madenieti turaly. [Chokan Valikhanov about the national culture of the Kazakh people] //SH. SH.Ualihanov murasy alemdik tarih konteksinde» halykaralyk gylymi forum materialdary. Semej, 2010. 101 p. [in Kaz.].

Kozhanuly S., 2020 — Halyk agartu-oku maidanyna kushti audaru kerek.Tandamaly makalalary men arhiv kuzhattary – Sultanbek Kozhanuly. [It is necessary to make efforts in public education]. Nur-Sultan: «Alashorda» Kogamdyk kory, 2020. 496 p. [in Kaz.].

Mamyrbekova G., 2017 — Qazaq tilindegi arab, parsy sózderiniń túsindirme sózdigi. Almaty. 2017. 658 p. [Explanatory Dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. [in Kaz.].

Muhatova O. Asylbek Sejitov, 2018— tarihta kalgan iz (zheke tektik kor kuzhattary boiynsha). [Asylbek Sejitov – a trace left in history (according to personal family documents).] Almaty: Kazak universiteti, 2018. 99 p. [in Kaz.].

Narodnoe prosveshchenie KazSSR. Sbornik dokumentov i materialov (1917–1939). [National enlightenment of the Kazakh SSR. Collection of documents and materials (1917–1939)]. Alma-Ata, 1957. 237 p. [in Rus].

Nurtazına N.D., 2002 — Qazaq mádenıeti jáne ıslam. Almaty, 2002. 208 p. [Kazakh culture and Islam]. [in Kaz.].

Olzhajuly Y., 2020 — XIX gasyr ayagyndagy Kazakstandagy oku-agartu isi. [Enlightenment in Kazakhstan at the end of the 19th century] // Qazaqstan Tarihy. 2020. 17 shilde. [Electronic resource]. –URL: https://e-history.kz/kz/news/show/31812/ Date of application September 1, 2022.[in Kaz].

ORJSA — Orenburg Regional Joint State Archive

SARF — State Archive of the Russian Federation

Tokaev K., 2022 — Zh. K. Edinaya naciya. Blagopoluchnoe obshchestvo. Poslanie glavy gosudarstvo Narodu Kazahstana. Spravedlivoe gosudarstvo. 1 sentyabrya 2022 goda. [Message from the head of state K.K. Tokaev to the people of Kazakhstan. fair state. United nation. Prosperous society. September 1, 2022.] [Electronic resource].
–URL:https://akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130 Date of application September 10, 2022. [in Rus.].

Tazhibaev T.T., 1962 — Prosveshchenie i shkoly Kazahstana vo vtoroj polovine HIH veka. Kazahskoe gosudarstvennoe izdatel'stvo politicheskoj literatury. [Enlightenment and schools of Kazakhstan in the second half of the nineteenth century.]. Alma-Ata: Nauka KazSSR, 1962. 566 p. [in Rus.].

Zhantalin A., 2009 — Medreseden okyp shykkan shakirtterde ne bolashak? [what is the future of madrasah graduates?] // Kazak gazeti. 1913. №1. / Kurastyrgan: Smagulova S.O., Anes G.K., Zamzaeva T.A. Almaty, 2009. 480 p. [in Kaz.].

Zhumabaev Zh., 1996 — Pedagogika. Shygarmalar. [Pedagogy]. Vol.3. Book 2. Almaty: Bilim. 1996. 512 p. [in Kaz.].

Zhyrgenov T., 2001 —Tandamaly.Izbrannoe. Mekteptin tyri, tili turaly.[ About the type of school and language]. Almaty: Arys. 2001. [in Kaz].

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ ethics.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will onh accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

**Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:**
**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**
**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Заместитель директор отдела издания научных журналов НАН РК *Р. Жәлиқызы*
Редакторы: *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов*
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*
Подписано в печать 30.04.2023.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф. 27,5 п.л. Тираж 300. Заказ 1.

*Национальная академия наук РК*
*050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*